КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 18 сәуір №7119-25-00-2/3199 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловна
Жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Іс материалдарына қарағанда, «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловна арасында түзілген 29.01.2025 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №81 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 74 400 теңгеге 2 бөлікте тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Дата вступления в законную силу: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, сәйкесінше 13.02.2025 жыл.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 21.02.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 17.03.2025 жылы бұзылған.

Талап қоюды негіздей отырып, талап қоюшы жауапкердің шартта көрсетілген мерзімде тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін орындамағанын көрсетті.

АПК-нің 267-3 бабына сәйкес 03.04.2025 жылғы процессуалдық әрекеттерге жауапкер өкілі А. Адибаев қосылды. Талаппен келіспейтінін көрсеткен, алайда қарсы пікір келтірмеген.

Ұсынылған материалдардан жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, шартта белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес келетін тауар жеткізілмегені анықталды.

Іс материалдарына қарағанда, «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовна арасында түзілген 02.02.2025 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №83 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 1 407 000 теңгеге 2 бөлікте тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі Тапсырыс беруші өтінім берген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде тауарды сатып алу қажеттілігіне қарай ішінара 2025 жыл ішінде жүргізілетін болады.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Дата вступления в законную силу: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тапсырыс берушімен өтінім 04.02.2025 жылы жолданған, сәйкесінше орындау мерзімі 19.02.2025 жыл.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 20.02.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 07.03.2025 жылы бұзылған.

Талап қоюды негіздей отырып, талап қоюшы жауапкердің шартта көрсетілген мерзімде тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін орындамағанын көрсетті.

Жауапкер АПК-нің 267-3 бабына сәйкес процессуалдық әрекеттерге қосылмаған, қарсы пікір келтірмеген.

Ұсынылған материалдардан жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, шартта белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес келетін тауар жеткізілмегені анықталды.

Мұндай жағдайларда сот жауапкерлердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкерлердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерлерден 1966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттардың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловна өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 14.02.2025 жылдан

Документ подписан: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Дата вступления в законную силу: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

13.03.2025 жылғы кезеңге 74 400 теңге х 0,1% х 28 күн негізінде 2084 теңге сомасында есеп ұсынған.

Бұл есеп шарттың талаптарына сәйкес келеді және дұрыс болып есептелінеді.

Мұндай жағдайларда жауапкер жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловнаның қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, сот берілген талап шегінде 2084 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовна өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 20.02.2025 жылдан 13.03.2025 жылғы кезеңге 1 407 000 теңге х 0,1% х 22 күн негізінде 30 954 теңге сомасында есеп ұсынған.

Алайда, шарт 07.03.2025 жылы бұзылғандықтан, шарт мерзімінен тыс тұрақсыздық айыбын есептеу негізсіз болып табылады. Осылайша, шартқа сәйкес және талап қоюдың дәлелдері мен заңды негіздерінің шегінде сот тұрақсыздық айыбын 20.02.2025 жылдан 07.03.2025 жылғы кезеңге 1 407 000 теңге х 0,1% х 14 күн негізінде 19 698 теңге сомасында қанағаттандыру қажет деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерлерден мемлекеттік бажды өндіріп алады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловнаға, жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовнаға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловнадан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Дата вступления в законную силу: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Алиева» атынан - Алиева Ботогоз Исмаиловнадан «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 2084 (екі мың сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 63 (алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовнадан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Азаматова» в лице - Азаматова Гульзада Абсаматовнадан «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 19 698 (он тоғыз мың алты жүз тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 591 (бес жүз тоқсан бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 18.04.2025

Дата вступления в законную силу: 28.05.2025, судья Баткалова Г. М., 29.05.2025